

"TURAN" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 29 қазандағы № 693 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 190 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "TURAN" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 29 қазандағы № 693 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "TURAN" арнайы экономикалық аймағы туралы ережеде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "TURAN" арнайы экономикалық аймағы (бұдан әрі – АЭА) Түркістан облысының аумақтық шекарасы шегінде қоса беріліп отырған жоспарға сәйкес шекараларда орналасқан.

АЭА аумағы 4087,39 гектарды құрайды және Қазақстан Республикасы аумағының ажырамас бөлігі болып табылады. АЭА аумағының құрамына 8 қосалқы аймақ: ауданы 861,75 гектар тарихи орталық, ауданы 1578,64 гектар әкімшілік іскерлік орталық, ауданы 365 гектар, 35 гектар, 180 гектар және 50 гектар өнеркәсіптік аймақтар, ауданы 967 гектар әуежай және ауданы 50 гектар "Орталық Азия" халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығы кіреді.";

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Әуеайлақ маңындағы аумақта және әуе трассаларының шегіндегі жерлерде кедергілер болып табылатын объектілерді салу, электр беру желілерін орнату және басқа да құрылысжайларды орналастыру үшін; салдарынан әуе кеңістігінде радиотолқындық, көрінетін, акустикалық және өзге де сәулелену түрлері шығарылатын жұмыстарды жүргізу үшін; құстардың топталып жиналуы үшін жағдай жасайтын немесе ұшу көрінісін нашарлататын объектілерді орналастыру, сондай-ақ әуе кеңістігін пайдаланумен тікелей байланысты емес, бірақ АЭА аумағында ұшудың, әуе кемелері жабдықтарының және ондағы адамдардың қауіпсіздігіне әсер ететін кез келген басқа іс-әрекет үшін "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тиісті рұқсатты алу қажет.";

көрсетілген қаулымен бекітілген "TURAN" арнайы экономикалық аймағы туралы ережеге қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген "TURAN" арнайы экономикалық аймағы жұмыс істеуінің нысаналы индикаторлары осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.


2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 31 наурыздағы
№ 190 қаулысына
1-қосымша
"TURAN" арнайы
экономикалық аймағы
туралы ережеге
қосымша

"TURAN" арнайы экономикалық аймағы шекарасының жоспары



8 қосалқы аймақтың жалпы ауданы $S = 4087,39$ га

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 31 наурыздағы
№ 190 қаулысына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 29 қазандағы
№ 693 қаулысымен
бекітілген

"TURAN" арнайы экономикалық аймағы жұмыс істеуінің нысаналы индикаторлары

Р/с №	Мақсат, міндет және көрсеткіш (атауы)	Өлшем бірлігі*	Базалық кезең (2018)	2023 жылға қарай қол жеткізу				
				2019	2020	2021	2022	2023
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Тартылған инвестицияның жалпы көлемі, оның ішінде (өсумен)**	млрд теңге	19	21	71	96	110	125
2	Шетелдік инвестиция көлемі	млрд теңге	7	8	51	65	72	80
3	Отандық инвестиция көлемі	млрд теңге	12	13	20	31	38	45
4	АЭА аумағында тауарларды және көрсетілетін қызметтерді (жұмыстарды) өндіру көлемі**	млрд теңге	12	12	17	17	19	21
5	Қатысушы саны	компания	24	8	26	38	42	49
1	2	3	4	5	6	7	8	9
6	Қосалқы қызмет түрін жүзеге асыратын тұлға саны	адам	19	4	12	20	31	40
	АЭА аумағында құрылаты							

7	н жұмыс орын саны (өсумен)	адам	1630	1083	2150	3321	3940	4630
8	А Э А аумағында ғ ы өндірістің жалпы көлемінде жергілікті қамту үлесі	%	15	20	25	30	35	40

кестенің жалғасы

Р/с №	2028 жылға қарай қол жеткізу					2033 жылға қарай қол жеткізу				
	2024	2025	2026	2027	2028	2029	2030	2031	2032	2033
10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
1	137	152	157	188	196	202	207	215	221	229
2	90	93	96	123	126	127	127	130	130	131
3	47	59	61	65	70	75	80	86	92	98
4	23	24	25	27	29	32	35	38	41	44
5	51	53	55	57	59	61	62	62	65	67
6	42	45	48	51	55	57	58	58	60	63
7	4940	5350	5700	6383	6733	6983	7472	7995	8554	9153
8	42	44	45	46	47	48	49	50	51	52

кестенің жалғасы

Р/с №	2038 жылға қарай қол жеткізу					2043 жылға қарай қол жеткізу				
	2034	2035	2036	2037	2038	2039	2040	2041	2042	2043
21	22	23	24	25	26	27	28	29	30	31
1	236	243	251	261	270	280	290	303	315	328
2	131	131	131	133	133	133	133	135	135	135
3	105	112	120	128	137	147	157	168	180	193
4	39	40	42	43	44	44	46	48	50	52
5	69	71	73	73	74	76	78	80	82	85
6	58	59	59	59	65	65	65	66	66	66
7	9794	10480	11213	11998	12838	13737	14698	15727	16828	18 006
8	53	54	55	56	57	58	59	60	61	62

* - индикаторлардың көрсеткіштері өсу қорытындысымен келтірілген.